


БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысы
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығының
директорының м.а.

 Б.Абдикерова

« 11 » 09 2020 жыл



«Бір отбасы - бір кітап» облыстық акциясын өткізу туралы ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

Осы ережеде «Бір отбасы - бір кітап» облыстық акциясының (бұдан әрі - Акция) мақсаты, міндеттері, мәртебесі, өту барысы мен талаптары айқындалады. Ақпараттық қамтамасыз ету, қатысу тәртібі мен қорытындысын шығару - ұйымдастырушы тарапқа міндеттеледі.

2. Акция мақсаты

Акция мақсаты – жанұямен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту. Адамзаттың ой-өрісін, шығармашылық, әлеуметтік белсенділігін арттырудың қуатты құралы болып табылатын кітап оқуды отбасылық құндылыққа айналдыру. Отбасындағы балалардың жан-дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастырып, кітап оқуға деген қызығушылықты ояту.

3. Акция міндеттері:

- жанұямен кітап оқу дәстүрін жаңғырта отырып қоғамдағы кітапқа, кітап оқуға деген қызығушылықты өрістету;
- ата-ананың балаға тәрбиелік ықпал етуі арқылы кішкене кезінен бастап оқу мәдениетін қалыптастыру;
- оқуды қолдау мақсатында жалпы қоғамдық қозғалыс ұйымдастыру, отандық әдебиетке деген құрметті арттыру;
- мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту.

4. Акция мазмұны:

4.1. Қарағанды облысының барлық білім беру ұйымдарында, жас ерекшеліктеріне қарай мектеп оқушыларының ата-аналармен бірге бір кітапты оқып, талқылауы. Оқылған туындылар бойынша ой бөлісу, пікір алмасу, талқылау, т.б. Акция екі жартыжылдық бойынша өткізіледі:

I жартыжылдық. 01 қазан – 26 желтоқсан 2020 жыл.

II жартыжылдық. 10 қаңтар – 15 мамыр 2021 жыл.

4.2. Акцияға қатысушылар үшін кітап таңдау. Көркем әдебиет кітабын таңдау кезінде қатысушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Кітаптар төмендегі сыныптар бойынша ұсынылады:

- 2-4 сынып
- 5-6 сынып
- 7-8 сынып
- 9-10 сынып оқушылары үшін.

4.3. Акцияның I жартыжылдығында қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, ойшыл, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының туғанына *175 жылдығына* орай ұлы ақынның шығармаларын оқып, талқылау ұсынылады.

- 2-4 сыныптар: Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасы;
- 5-6 сыныптар: Абай Құнанбайұлының аудармалары;
- 7-8 сыныптар: Абай Құнанбайұлының поэмалары;
- 9-10 сыныптар: Абай Құнанбайұлының қара сөздері.

Ескерту! Акцияның II жартыжылдығында оқуға ұсынылатын авторлар мен көркем шығармалар тізімі қосымша хабарланып, жіберіледі.

4.4. Болжалды іс-шаралар:

- дөңгелек үстелдер;
- ауызша журналдар;
- әдеби ойындар;
- викториналар;
- өлкетанушылық әңгімелер;
- мәнерлеп оқу сайыстары;
- сахналық қойылымдар;
- шығармаларға арналған суреттер байқауы, көрмесі;
- шығармалар байқауы;
- өлең оқу байқаулары;
- тақырыптық викториналар
- онлайн байқаулар;
- челленджер және т.б.

5. Акцияға қатысушылар:

Акцияға қатысушылар оқушылар, ата-аналар облыстық білім беру ұйымдарының жетекшілері мен ұстаздары. Акцияға аудан, қала, ауыл мектептерінің барлық оқушылары отбасымен бірге қатыса алады.

6. Акция ұйымдастырушылары мен үйлестірушілері:

6.1. Акцияны ұйымдастырушы Қарағанды облысының оқу-әдістемелік орталығы.

6.2. Ұйымдастырушылар кеңесінің құрамы Қарағанды облысы оқу-әдістемелік орталығының директорының бұйрығымен бекітіледі. Құрамына кіре алады: білім бөлімінің өкілдері, қазақ тілі және әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, бастауыш сынып мұғалімдері, кітапханашылар, ата-аналар, көркем еңбек, музыка, информатика пәнінің мұғалімдері.

6.3. Ұйымдастыру кеңесі:

- Акцияның мерзімін, тәртібін өткізу түрін анықтайды;
- Акцияның дайындық және өткізу жұмыстарымен айналысады;
- Акцияға таңдалған кітапты бекітеді;
- Акция нәтижелерін бекітеді;
- БАҚ хабарламалар дайындайды.

6.4. Акция іс-шаралары ұйымдастыру комитеті белгілеген уақытта өтеді.

7. Акция талаптары мен өту барысы:

Акция екі жартыжылдық бойынша өткізіледі.

I жартыжылдық. 01 қазан – 26 желтоқсан 2020 жыл.

II жартыжылдық. 10 қаңтар – 15 мамыр 2021 жыл.

7.1. I жартыжылдық үш кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең (мектепішілік). 01 қазан – 30 қазан.

Жоғарыда ұсынылған тізім бойынша (А.Құнанбаевтың шығармалары) білім ұйымдары сыныптар арасында іс-шаралар ұйымдастырып, өткізеді.

Екінші кезең (қалалық/аудандық). 02 қараша – 27 қараша.

Өткізілген мектепішілік іс-шаралар бойынша ең үздік отбасы таңдалынып, жеңімпаздар іріктеу (қалалық/аудандық) кезеңіне жолдама алады. Бұл кезең барлық қалалық/аудандық білім бөлімдерінде ұйымдастырылады.

Үшінші кезең (облыстық). 26 желтоқсан.

Үшінші, облыстық кезеңге әр аймақтан 4 отбасы қатыса алады.

7.2. II жартыжылдық үш кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең (мектепішілік). 10 қаңтар – 3 сәуір, 2021 жыл.

Екінші кезең (қалалық/аудандық). 12 сәуір – 24 сәуір, 2021 жыл.

Үшінші кезең (облыстық). 15 мамыр, 2021 жыл.

7.3. Білім беру ұйымдары іріктеу кезеңіне акцияға қатысушы отбасылардың құрамын, сценариін ұйымдастырушының электрондық поштасына іс-шара басталғанға дейін бір апта бұрын жіберуі тиіс.

7.4. Ұйымдастырушы ақпараттық сүйемелдеу барысын жүзеге асырады.

8. Акция қорытындысы:

8.1. Қазылар алқасы қатысушыларды бағалайды.

8.2. Акцияның белсенді қатысушылары 1,2,3 дәрежелі дипломдармен және келесі номинациялармен марапатталады:

«Үздік презентация»;

«Үздік оқырман» (Шығарма бойынша сұрақтарға сүрінбей жауап беруі тиіс);

«Креативті көзқарас» (Шығарманы өмірмен салыстыра суреттесе);

«Үздік сюжет» (Монолог, диалог);

«Ең үздік актерлік шеберлік»;

«Үздік дауыс» (мәнерлеп оқу);

«Үздік эссе» т.б

8.3. Акцияның қорытындысы туралы ақпарат БАҚ-та және ұйымдастырушылар сайтында орналастырылады.

9. Ұйымдастырушылардың байланыс ақпараты:

Қарағанды облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы.

Қарағанды қаласы, С. Сейфуллина көшесі, 8/2 үй; 44-56-14

9.1. Жауапты тұлғалар:

Жаркеева Гулназ Бекетовна, әдіскер

Ахмалдинова Кулнарша Базарбаевна, әдіскер

9.2. Сұраныс басшының қолы қойылып, мөр басылып, көшірмесі және электронды түрі жіберіледі.

Сұраныс үлгісі:

№	Қала/аудан	Білім ұйымының атауы	Қатысушы отбасының тегі (толық)	Сыныбы	Шығарма атауы	Жауапты жетекші

Ескерту!

Қалалық/аудандық білім бөлімдері және ММИ әкімшілігі Акция бойынша жүргізілген жұмыстардың ақпараттық сүйемелдеу барысын жүзеге асыруды қатаң қадағалаулары қажет (БАҚ беттеріне мақала, Instagram, Facebook, т.б. беттеріне пост жазу, YouTube сайтына жүктеу)

Мамандандырылған мектеп-интернаттар үшін!

1. ММИ-лар осы жалпы Ереже бойынша жұмыс жасайды;
2. Екінші кезеңде, яғни 02 қараша – 27 қараша аралығында мамандандырылған мектеп-интернаттар арасынан облыстық кезеңге іріктеу жүргізіледі (қосымша хабарланады)
3. Үшінші кезеңге ММИ арасынан ең үздік деп танылған 4 отбасы қатыстырылады.